

2022-2023 оқу жылы бойынша статистикалық есеп:

| P / c | Көрсеткіштер | Саны |
|-------------|---|----------|
| | Мектеп кітапханасының саны | 1 |
| | Кітаптар саны (мектеп оқулықтарын, көркем әдебиетті, кітапшаларды, журналдарды қосқанда) | 17638 |
| | Оның ішінде мектеп оқулықтар саны | 15808 |
| | Көркем әдебиеттер саны | 1403 |
| | Оқырмандар саны | 744 |
| | Кітапханаға оқырмандардың келу саны | 6696 |
| | Кітап беру саны | 13392 |
| | Кітапханашылар саны | 2 |
| | Оқу залының саны | - |
| 0 | Оқу залында отыратын орын саны | - |
| 1 | Кітапхана ауданы /шаршы метр/ | 48 кв.м. |

Жылдық және айлық жоспар бойынша атқарылған жұмыстар:

Оқушыларды кітапхана өмірімен таныстыру. Білімің кітап арқылы берілетіндігін ұғындыру. Кітапқа деген қызығушылықтарын арттыру, кітапты күтіп ұстауға үйрету. балалардың ойлау қабілетін арттыру, рухани және интеллектуалды дамыту. Сондай- ақ, шапшаңдыққа, алғырлыққа, үйрету. Оқушының білімділік танымын өмірмен байланыстыра отырып, кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру, кітапханаға тарту мақсатында мынандай іс-шаралар өткізілді:«Сан сұраққа саяхат» - брейн-ринг ойыны,

«Абай туралы қызықты мәліметтер» сұрақ-жауап ойыны, «Оқуға құштар мектеп».Б.Соқпақбаев. «Мениң атым Қожа» буктрейлер, READ х бойынша өткізілген «Жақсы кітап-жан азығы» - іс-шарасы, «Балақай, оқы қызық» атты кітап қоржыны, Жамбыл Жабаевқа арналған «Жүз жасаған бәйтерек» дауыстап оқу, «Мениң сүйікті кітабым» атты ойталқы, «Оқимыз, ойнаймыз! /Танымдық ойын- викторина/, «Өзің оқы да, өзгеге ұсын!» тақырыбы бойынша буқкроссинг, «Оқуға құштар мектеп» READ х жобасы бойынша «Мен оқыған бір кітап» атты кітап жарнамасы, Ы.Алтынсарин. «Даланың дара ұстазы» кітапханалық сабак, Жазушы С.Мұратбековтың «Жусан ісі» шығармасы бойынша кітап пирамидасы, Аналар мерекесіне орай «Аналар асыл жандар» тақырыбында көркемсөз оқу, «Ерте, ерте, ертеде». Әдеби кеш. И-шарасы, Оқушыларға ертегіні суреттеп, сахналап қою. Мән-мағынасын ашу. «Салауатты өмір - заман талабы». 8 ә сынып оқушыларының қатысуымен пікірталас. «Ұлы Жеңіс жасасын!» - патриоттық сабакы, «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында "Аталар сөзі - ақылдың көзі" атты кітапханалық сабакы. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы ұлт азаттық қозғалысының жетекшілерінің бірі мемлекет қайраткері А.Байтұрсыновтың туылғанына 150 жыл атты көреме қойылды.